

**Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 24 қазандағы № 234 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 353 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сай, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 24 қазандағы № 234 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3040 санымен тіркелген, 2014 жылғы 13 қарашада аудандық "Жайық шұғыласы" газетінде жарияланған ) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті  
37-сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Н. Ерғалиев*

*А. Құрманбаев*